



3 желтоқсан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

МӘМІЛЕ

2 Ынтымақтастық
ныға түспек



ТӨЛЕМ

2 Жаңа жылда
не өзгереді?



МЕРЕЙ

3 Тұңғыш
антрополог



ӨНЕР

4 Сырнаймен саз
төккен саңлақ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан Республикасының президенті:

"БҰЛ – ШЫН МӘНІНДЕ ТАРИХИ ШЕШІМ"

Қасым-Жомарт Тоқаев бейнеконференция форматында өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысты. Саммитке Қазақстан Президентімен қатар Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Арменияның Премьер-Министрі Никол Пашинян, Қырғызстан Президентінің міндетін атқарушы Талант Мамытов, сондай-ақ, ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері жөнінде пікір алмасты. ҰҚШҰ-ның 2020 жылғы басым бағыттарының іске асырылуы қорытындыланып, алдағы жоспары нақтыланды.

Террорлық сипаттағы заманауи сын-көзқарарлар мен тегеуріндерге қарсы іс-қимылдар және олармен күресуге бағытталған нақты шараларға, есірткінің заңсыз айналымына, кибер қауіпсіздік саласындағы бірлескен күш-жігерге ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Саммит қатысушыларының алдында сөйлеген сөзінде шараны ұйымдастырғаны үшін Ресей Президенті Владимир Путинге ризашылығын білдіріп, ҰҚШҰ-ға төрағалық етудегі Ресей тарапының жоғары кәсібилігін және бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды



2021 жылы ҰҚШҰ-ға төрағалық ету міндетін қабылдап алуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетаралық

қарым-қатынастардағы мүдделер кайшылығының шиеленісе түсуімен сипатталатын өңірлік және жаһандық қауіпсіздік

саласындағы қазіргі ахуал туралы айта келе, Таулы Қарабақтағы әскери қимылдардың тоқтатылуына себепші болған Ресей Президенті Владимир Путиннің бітімгершілік рөлін жоғары бағалады.

– Ресей тарапының белсенді қатысуымен қол жеткізілген келісім – дағдарыс кезінде қабылданған жалғыз әрі дұрыс шешім. Менің ойымша, аталған келісім өңірде бейбітшіліктің ұзақ мерзімге орнауына себепші болмақ. Бұл – шын мәнінде тарихи шешім, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пікірінше, коронавирус пандемиясының салдарынан туындап, әлемдік саясат пен экономикада жалғасып келе жатқан ауыр жағдай өзара салынған санкциялардың, шектеулер мен сауда соғыстарының себебінен ушыға түсуде. Экстремизм мен терроризм, есірткі бизнесі, кибер қауіпсіздік, заңсыз миграциямен байланысты жаңа жаһандық сын-көзқарарлар мен тегеуріндердің күшейе түсуі алаңдаушылық туғыруда. Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, мұндай жағдайда бейбітшілікті нығайту, барлық аймақта қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатындағы мемлекетаралық іс-қимылдардың нақты тетігі ретінде ҰҚШҰ-ның рөлі артып келеді.

Қазақстан Президенті Саммит қатысушыларына елімізде алдағы уақытта болатын Парламент сайлауы, сондай-ақ, жүзеге асырылып жатқан бірқатар демократиялық реформалар жөнінде айтты. Сонымен қатар сайлау кезінде елімізге ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерден, сондай-ақ, ТМД және ҰҚШҰ Парламенті ассамблеяларынан бақылаушылар күтетінін жеткізді.

Мемлекет басшысы Ұйымды одан әрі дамытуға, сондай-ақ, жаңа институт құруға, Бітімгерлік мәселелері бойынша ҰҚШҰ Бас хатшысының арнайы өкілін тағайындауға қатысты бірқатар ұсыныс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, ҰҚШҰ жұмысына атсалысу – Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

– Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы халықаралық саясаттағы елеулі фактордың бірі екені және Еуразия құрлығының басым бөлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуде оң рөл атқаратыны қуантады. Біз бұрынғыдай бейбітшілікті, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықтарымыздың өсіп-өркендеуі үшін тиімді шешімдерді іздестіру жолында әріптестерімізбен одан әрі белсенді түрде өзара күш-жігерді қолдаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын және әділ әрі орнықты әлем құру жөнінде Саяси мәлімдеме қабылдады.

Сессия барысында қабылданған құжаттар ҰҚШҰ қызметінің өзекті салаларын одан әрі нығайтуға бағытталды, сондай-ақ, Ұйымның ашықтығын, басқа мемлекеттермен және халықаралық құрылымдармен ынтымақтастықты нығайтуға әзір екенін көрсетеді.

Ұйымға төрағалық ету міндеті Ресейден Тәжікстанға өтті. ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің келесі сессиясы 2021 жылы Тәжікстанның аумағында болады.

● ПАРЛАМЕНТ

ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫ ТЕРГЕУ ОҢТАЙЛАНАДЫ

Сенатта Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысы болды. Онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне персоналды қызмет көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралды.

Заң жобасы Азаматтық, Еңбек, Кәсіпкерлік кодекстеріне және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» еліміздің заңдарына өзгерістер енгізеді.

Заң жобасының негізгі мақсаты – персоналмен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету саласын құқықтық реттеу, келісім жасау тәртібін айқындау және еңбекті қорғау саласындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілеу. Жоба жұмыспен қамтудың осы саласының негізгі тұжырымдамаларын заңнамалық деңгейде бекітуге, жұмысшыларға еңбекақы мен сыйақы төлеу жүйесін нақтылауға, әлеуметтік қорғауды, оның ішінде еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істейтіндердің мәселелерін шешуге, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеу тетігін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

● ҮКІМЕТ

АГРОБИЗНЕСТІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Үкімет отырысында АӨК және жер қатынастарын цифрландыру және мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау мәселелері қаралды.

АӨК және жер қатынастарын цифрландыру туралы ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин және Премьер-Министрдің орынбасары Роман Скляр, сондай-ақ Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының фермерлік шаруашылықтарын цифрландыру тәжірибесі туралы агробизнес өкілдері баяндады.

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин бір ай ішінде АӨК және жер қатынастарын одан әрі цифрландырудың жол картасын әзірлеуді, келесі жылы жер қатынастарын цифрландыру жөніндегі жұмысты аяқтап, жер учаскелеріне құжаттар беру мерзімін 1 жылдан 20 күнге дейін қысқартуды тапсырды.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау туралы баяндамалардан соң Үкімет басшысы жыл соңына дейін мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 100% кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасын әзірлеуді, Жұмыспен қамту орталықтары мен ХҚКО-ларда мүгедек адамдар үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын ұлғайту, сондай-ақ салынып жатқан барлық оңалту орталықтарын уақытылы пайдалануға беруді қамтамасыз етуді тапсырды.

● ЖАҢА НЫСАН

ҚОЙМАДА ҚОР БАР

Әйтеке би кентіндегі өндірістік аймақта сыйымдылығы 500 тоннаға арналған көкөніс, жеміс-жидек сақтау қоймасы іске қосылды. «Агро ОптСервис» ЖШС қоймасын салудағы мақсат – ауданда азық-түлік бағасын тұрақтандыру.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Жеке кәсіпкер Бекболат Бибабаевтың айтуынша, қоймада сақталған көкөніс пен жеміс-жидек көтерме және халыққа базар бағасынан 10-15 процентке төмен бағада сатылады. Ол үшін арнайы дүңгіршектер салынады. Сондай-ақ, аудан орталығынан шалғай жатқан ауылдарға барып, арзан бағада өткізуді жоспарлап отыр. Көкөністер

Түркістан облысынан, Ресейден, жемістер Түркістан облысынан, Шымкент қаласынан, Түркия, Польшадан тасымалданады.

Қойманың жұмысымен танысқан аудан әкімі Мұрат Ерғешбаевқа жеке кәсіпкер қордағы тауарлардың көлемі мен түрлері туралы әңгімелеп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Атап өтерлігі, қоймада

жемістерді сақтайтын екі орын қарастырылған. Қажетті температураны ұстап тұру үшін 2 тонналық сатып алыныпты. Бұл үшін жеке кәсіпкер «Қазақстан Халық банкі» АҚ Байқоңыр филиалы арқылы 21 млн теңге несие алған. Алдағы уақытта тоңазытқыштар орнатылатын қосалқы ғимарат салу, 2 рефрижератор жүк көлігін алу көзделуде. Нақты кезеңде қоймада Ресейден әкелінген 100 тонна картоп, 80 тонна жуа, 1,5 тонна қырыққабат бар. Оған қоса, алма, жүзім, құрма тәрізді жеміс-жидектер де сақталуда.

Қазалы ауданы.



● МӘСЕЛЕ

АТАКӘСІПТЕН НЕГЕ АЛШАҚТАЙМЫЗ?



Мал шаруашылығымен айналысып жүрген таныс жігіттің қала маңынан бордақылау алаңын тұрғызғанын білемін. Ала жаздай 150 бас ірі қараға есептелген қора салды. Күзде малшы отбасы іздеп, әулірімдеп көрші ауданнан әкелген. Елден келген тай-жабағысы аралас 100-ден астам малдың жайын білетін адам керек екені белгілі. Оның өзі бордақыға тұрған мал болса, күнделікті жем-шөбін айырмайтын, жылқы жайын білетін малшы ұстау әлгінің арманы болған.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Қош, солай табылған малшы жігіт отбасымен көшіп келді. Жап-жаңа 4 бөлмелі баспанаға жайғасты. Құла түз емес, қала малы, жан-жағында ел бар. Оның үстіне бордақыға қарайтын жігіттің отбасының жағдайы түгел жасалды. Үйге интернет пен цифрлы теледидар кіргізілді. Газ бен суын тартып, айлық азық-түлігін алып беріп жүрді.

Ендігісі тиынақты тірлік. Қорада қамаулы жылқыға жем-шөбін салып, құбырлан келіп тұрған суды науаға сарылдатып құю – малшы жігіттің жұмысы. Мұнда күнүзак жылқыны өрістетуге жоқ. Оның үстіне қала маңында қандай жайылым болсын. Жалақысы 100 мыңнан жоғары еді. Бастапқы үш айдан астам уақытта бордақыға қойылған ірі қараның бабына қарап жүрді. Неге екені белгісіз, аяқ асты жылқышы жігіт «өзге жұмыс табамын» деген сылтаумен бір күнде еліне кері қайтыпты.

Мал иесі маған қоңыраулатады сол күні.

– Ел арасына шығып жүрсін ғой, малшы керек, айта жүрерсің, – дейді ғой бағғы. Малшысының бұл әрекетінен хабарсыз мен кері сұрақ қойдым.

– Ау, өткендегі жігітін тым жақсы еді ғой. Отбасымен көшіп кел орныққаны қайда?!

– Ай, бұл қазақты құртатын бос әңгіме. Ағайындары айтады дейді «мал соңында жүрсін салпылдап, азып-тозып». Мен азырпын-тозырлатындай жағдай жасамадым. Өзің білесің ғой, басында жылы үй, азық-түлігі молынан, жалақысы уақытылы. Сірә, ол жігіт жалған намыстың жетегінде кетті-ау...

Иә, бір заманда төрт түлікті төбесіне көтеретін жұрт, бүгінде оны бағудан түңіліп жүр. Неге?!



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы бас консулы Эрик Майермен кездесті.

С Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Аймақ басшысы алдымен Қазақстан мен АҚШ арасындағы дипломатиялық қатынастарды нығайтудың ерекше маңыздылығын, келесі жылы екі ел арасындағы ынтымақтастық байланыс орнанына отыз жыл болатынын айтты.

— Біз екі ел арасындағы 29 жыл бойы дипломатиялық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын мақтан тұтамыз. Осы жылдар ішінде екі мемлекет басшылары тиімді әріптестік және халықаралық қоғамдастықтың сенімді мүшелері қағидаттары негізінде кезең-кезеңімен

жақсы қарым-қатынас құра алды. Осының арқасында бүгінде Қазақстан мен АҚШ әскери-саяси, сауда-экономикалық, энергетикалық және басқа да екіжақты ынтымақтастықтың көптеген салаларында ашық және сенімді стратегиялық әріптестер болып табылады. Әлемде қалыптасқан күрделі саяси және экономикалық жағдайда екі елдің өзара іс-қимылы аса маңызды, — деді облыс әкімі.

Осы уақытқа дейін екі ел көптеген салада сенімді ынтымақтастық байланыс орнатты. Іскерлік және сауда-эко-

номикалық ынтымақтастықты дамыту бағытында биыл қаңтар-қыркүйек айларында Қызылорда облысының ҚР мен АҚШ арасындағы тауар айналымындағы үлесі 660,7 мың АҚШ долларын құрады. Айта кету керек, Америка Құрама Штаттары Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасына қаржылық қолдау көрсеткен Дүниежүзілік Банктің ірі инвесторы болып табылады.

Кездесуде облыстың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланды.

АҚШ-тың Бас консулы шағын және орта бизнес саласында жүзеге асырылып жатқан жобаларға қызығушылық танытып, Арал теңізі бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсарту және Арал тұрғындарының



денсаулығы туралы сөз қозғады. Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен тығыз ынтымақтастық байланыс орнатылғанын, оқушылар мен студенттердің ағылшын тілін үйрену бағдарламалары жүзеге асырылғанын баса айтты. Экономикалық ынтымақтастықты нығайту, өңірге инвестиция тарту жұмыстары туралы да атап өтті.

Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру жобасының жүзеге асырылуы, индустрияландыру бағытындағы ауқымды жобалар мен өндіріс орындары туралы айтып, экономикалық тиімді бастамаларды қарастыруға дайын екенін жеткізді. Бүгінде күрделі кезеңге қарамастан облыстың экономикасын дамытуға бағытталған

жұмыстар жалғасқанын, шағын және орта бизнесті дамытуға басымдық берілгенін атап өтті. Сондай-ақ, облыста күріш өсіру бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіліп, ауыл-шаруашылық саласында қайта өңдеу жобаларына баса мән берілуде.

Облыс әкімі коронавирустық инфекцияға байланысты жағдай бақылауда екенін, пандемияның болжамды екінші толқынына дайындық барысында дәрі-дәрмек қоры толықтырылып, керекті медициналық құрал-жабдықтар көлемі артқанын да жеткізді.

Өз кезегінде Эрик Майер көрсетілген құрметке алғысын білдіріп, аймақтың экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін шешуде одан әрі бірлескен ынтымақтастыққа дайын екендігін айтты.

ТИГІН ЦЕХЫ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ҮСТІНДЕ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Халықаралық мүгедектер күніне орай Қызылорда қаласында кәсібін ашқан мүмкіндігі шектеулі азаматшаның цехына барып, ерекше жанға электронды арбаны тарту етті.

Аймақ басшысы 1 топ мүгедегі Тамара Ақмағанбетованың құс жастықтарды тазалап, қайта өңдейтін «Мамық» цехының жұмысымен танысып, шағын өндірістің жұмыс процесін бақылады. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кедергісіз орта қалыптастыру және оларды бизнеске бейімдеу мәселесінің ерекше назарда екенін жеткізіп, мерекемен құттықтады.



«ҚАЙСАР» ЖАСТАРҒА СЕНІМ АРТАДЫ

Алдағы жылы «Қайсар» негізінен жергілікті ойыншыларға сенім артады. Команда құрамының жартысынан астамын қызылордалық жастар құрайды. Бас бапкер тізгінін қызылордалық маман қолға алуы мүмкін.

— Биыл дүние жүзін дүрбелеңге салған пандемия салдарынан ел біріншілігінің басым бөлігі Алматы қаласында өткізілді. Доп додасында «Қайсар» жанкүйер үмігін ақтайтын деңгейде ойын көрсетті деп санаймын. Командамыз өз тарихында тұңғыш рет Еурокубок-та бақ сынады. Еліміздің беделді клубтарымен терезесі тең деңгейде ойнап, кейбірінен басым түсті. Жыл басында клубтың бюджеті 4 млрд теңге шамасында бекітілген еді. Пандемия жағдайына байланысты аталған қаржы көлемі 35 процентке қысқарды. Тағы бір айта кетерлігі, бірінші лига-

да «Байқоңыр», екінші лигада «Қайсардың» жастар құрамы бақ сынады. Олардың әрбірі жанкүйер сенімін ақтады деп ойлаймын, — деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспанов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, командаға негізінен жергілікті жастарды тартуға мән берілді. «Қайсар» құрамында 8 шетелдік ойыншымен бірге қазақстандық 17 футболшы болды. Ал олардың 10-ы — қызылордалық жастар.

Алдағы жылға 1,6 млрд теңге

шамасында қаржы қаралады деп күтілуде. Ол «Қайсар», «Байқоңыр» және команданың жастар құрамына бөлінеді.

— Дайындықты қаңтар айында бастаймыз деген жоспар бар. Айта кетерлігі, жана маусымда команда құрамында негізінен жергілікті футболшылар ойын көрсетеді. Сондай-ақ, бас бапкер қызметін Сұлтан Әбілқасым Ерлан Шойтымов және Қанат Шерімбетов сынды жергілікті мамандың бірі атқаруы мүмкін. Бұл жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Өзірге биылғы жылғы құрамнан Думан Нәзірбаев, Лияс Әмірсейітов, Нұрмықан Салайдинмен келісім-шарт жасалды. Өзге де ойыншылармен келіссөз жүргізілуде, — деді «Қайсардың» бас директоры Серік Досманбетов.

● ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ЖӘРДЕМАҚЫ

ЖАҢА ЖЫЛДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Елімізде зейнетақы, жәрдемақы мөлшері 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап көбейтіледі. Жаңа жылдағы жаңаша өзгерістерге тоқталсақ:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері — 18524 теңге,
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері — 43272 теңге,
- 3) айлық есептік көрсеткіш (АЕК) — 2917 теңге,
- 4) ең төменгі күнкөріс деңгейінің шекті мөлшері — 34302 теңге.

Жасына байланысты және еңбек өтілі бойынша зейнетақының мөлшері 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағайындалған төлемнен есептегенде 7 процентке жоғарылайды. Сондай-ақ, алғаш рет зейнетақы алуға өтініш білдіретін азаматтар үшін ең жоғары табыс (айлық табыс) 46 айлық есептік көрсеткішпен есептеледі, яғни 134182 теңгемен шектеледі. Ал мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін есептеу ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен көбейтіледі, яғни 34302 теңгеден арттырылады.

Бір жасқа дейінгі бала күтіміне берілетін жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр Ана», «Ана данқы», көпбалалы отбасыларға төленетін жәрдемақыларды АЕК-тің 5 процентімен көбейтілу жоспарлануда. Сонымен бірге бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы айлық есептік көрсеткіштің есебінен көбейтілсе, бірінші, екінші, үшінші баланы туғанда төленетін бір дүркін жәрдемақының мөлшері өтініш білдірген азаматтарға 110846 теңге көлемінде тағайындалады. Ал төртінші баланы туғанда төленетін бір дүркін жәрдемақының мөлшері 183771 теңгеге көбейтіледі. Мұнан бөлек, мүгедек бала тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) төленетін жәрдемақылар ең төменгі күнкөріс деңгейінен көбейтіледі, 34302 теңгеге өзгереді. Ең төменгі жалақы мөлшері өзгеріссіз, бұрынғы 42500 теңге мөлшерде қала бермек.

Н.БАКЕНОВА,

Азаматтарға арналған үкімет МК коммерциялық емес АҚ Қызылорда қалалық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлім басшысының орынбасары

КЕМШІЛІКТЕР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУДЕ

Қараша айының 9-13 аралығында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығына арнайы құрылған топ мониторинг жүргізген болатын. Бұл Президент әкімшілігі тапсырмасына сәйкес жүргізілді.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті облыстық департаментінің басшысы Ертілеу Жаңғасбаев, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Абдукаримов, Алдын алу тетігінің өкілі Соуле Әбілдаева және балалар орталығының директоры Айгүл Шамшатова осы мониторинг қорытындысы жайлы айтып берді.

Мониторинг қорытындысымен келесі заң бұзушылықтар анықталды. Орталықта дәрігер персоналының 7,5 штаттық бірлігі болса, 4 штаттық бірлік бос болған. Қол жуатын орындарда мүгедек жандарға арналған тұтқалар қарастырылмаған болып шықты. Асханада дайындалған тағамдардың тәуліктік сынамасы сақталмаған. Шағымдар мен ұсыныс кітаптары талапқа сай рәсімделмеген. Орталық қызметкерлеріне адамды азаптау және ар-намысын таптауға қарсы іс-қимыл тақырыбында құқықтық оқулар өткізілмегендігі белгілі болды.

Мониторинг нәтижесімен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына аталған заңбұзушылықтарды жою және алдағы уақытта жол бермеу жөнінде ұсыныс берілді. Спикерлер атап өткендей, бүгінгі күні олардың көпшілігі орындалып отыр.

«СБ» ақпарат



Аудан жаңалықтары

МҰҒАЛІМДЕРГЕ МАРАПАТ

Қызылорда. Пандемия кезінде белсенділік танытып, ел амаңдығы жолында қызмет еткен біркатар ұстаздар қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Шаһар басшысының алғысын жеткізген қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов алдағы уақытта да ұстаздардың қаланың дамуына үлес қосып, бастамалық болатынына сенім білдірді. Сондай-ақ, жас ұрпақты ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастыратын мәртебелі мамандық иелеріне шығармашылық ізденістер мен ғылыми жетістіктер тіледі.

«КЕҢЕСАРЫҚ» КАНАЛЫ ТАЗАРТЫЛУДА

Арал. Құмбазар елді мекенінің жоғарғы жағындағы дариядан бастау алатын «Кенесарық» каналының ұлтанын тазалау, реттеу жұмыстары жүруде. «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан жоба барысында ұзындығы 4,3 шақырым болатын канал ұлтаны қазылып, тазартылды. Сонымен қатар,

5 су реттегіш шлюз орналастырылды. Қазір барлық жұмыстар аяқталуға жақын. Дария суы көтерілген уақытта каналға су жіберіліп, Сырдария өзеніндегі су тасқынынан келер қауіп-қатер азатын болады. Сондай-ақ, жақын маңда орналасқан Құмбазар, Бекбауыл, Ақбай елді мекендерінің егін алқаптарына дария суы жеткізіледі.

КӘСІПКЕР ТІЗБЕКТІ ТОР ШЫҒАРУДА

Қазалы. Жанкент ауылының тұрғыны Шапағат Әбдуали тізбекті тор (рабина сет-касы) шығаруды қолға алды. Жеке кәсіпкер өткен жылы «Еңбек» бағдарламасы аясында 505 мың теңге қайтарымсыз грант ұтқан. Қазір тізбекті тор шығарып, аудан тұрғындарына тиімді бағада ұсынууда. Бұл істі жақында бастағанына қарамастан, Шапағат Әбдуали өзінің кәсібін одан әрі кеңейтіскі келеді. Себебі, сапалы әрі қолжетімді бағадағы өнімге сұраныс жоғары. Осыған сәйкес, жеке кәсіпкер аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне «Бизнестің жол картасы 2020-2025» бағдарламасы арқылы 2 млн теңге қайтарымсыз грант алу үшін жобасын ұсынып қойды.

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ!

Қармақшы. Пандемияға байланысты аудандық әкімдік, ішкі саясат, полиция бөлімі және СЭС мамандары арасында арнайы мобилді топ құрылды. Топ өкілдері аудан орталығындағы кәсіптік нысандар мен адамдар көп шоғырланатын орындарды аралап, кәсіп иесі мен тұрғындарды санитариялық нормаларды сақтау, бетпердені қоғамдық орындарда киіп жүру, қашықтықты сақтау, тұрақты дезинфекциялау шараларын мұқият жүргізуге үндеп, ақпараттық-түсіндірме жасалды. Мұндай шара алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

ДӘСТҮРЛІ ФОРУМ

Сырдария. Ауданда республикалық «Адалдық алаңы» жобасы негізінде тұрғындарға Covid-19 індетінің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары «Қашықтықты сақта» акциясы аясында кент тұрғындарына ұнпарактар таратты. Сондай-ақ, аудан жастарының дәстүрлі XII форумы өтті. Онда «Волонтер жылы» қорытындылады. Форумда жылдағы дәстүрге сәйкес аудан әкімінің «Өрлеу» жа-

стар сыйлығы табыс етілді. Сонымен қатар, биылғы «Волонтерлар жылында» халыққа ерікті түрде көмек көрсеткен біркатар сырдариялық «Жыл еріктісі» номинациясымен марапатталды.

ЖАРЫҚ ЖОЛ – ЖАЙЛЫ ҚАТЫНАС

Жалағаш. Аксу ауылының кіреберіс автомобиль жолы жарықтандырылды. «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» шеңберінде республикалық бюджеттен 18 218,2 мың теңге қаржы бөлінген. Мердігер мекеме — «СырдарияСтройСервис» ЖШС, техникалық қадағалаушы — «СтандартСтройСервисЛТД» ЖШС. Жолдеу жұмысына 6 адам тартылған, оның ішінде 3 адам аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы уақытша жұмыспен қамтылды.

ЖӨРМЕҢКЕ ӨТТІ

Шнелі. «Әлеуметтік жобалар» жәрмеңкесі өткізіліп, Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы талқыланды. «Шнелі ауданының әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Шамшат Оразымбет, «Асыл мұра. Біргеміз» ұлттық

жобасының шағын гранттар конкурсының қатысушысы Айнуір Нұрымбетова пікір білдіріп, «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының президенті Әділ Әліқұлов шағын семинар-тренинг өткізді.

Шара соңында азаматтық қоғамның дамуына және мемлекеттік әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуына зор үлес қосып, белсенді қызмет атқарып жүрген ұйым жетекшілері марапатталды.

ЕРІКТІ БОЛУ – ЕРЛІК!

Жанақорған. Аудандық Жастар ресурстық орталығы мен «Қызылорда облыстық Жастар одақтары» ҚБ ұйымдастыруымен «Жанғырған Жанақорған» атты TEDx конференциясы өтті. Онда шетелдік тәжірибе, қоғамдағы волонтерлардың ролі туралы жастар өз ойларын ортаға салды. Жыны барысында волонтерлық қызмет бір ғана жылмен шектелмеу керек деген жастар одан әрі де кенейте түсетіндігіне сенім білдірді. Қатысушылар спикер Сабыржан Кеншілікке сұрақтарын жолдап, пікір алмасты.

Дайындалған **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**

Саналы ғұмырын антропология саласының дамуына арнаған ақсақал бүгінде тоқсанның төріне шықты. Торқалы тойы қарсаңында ғалыммен хабарласып, саладағы жетістіктерін, антропологияның көтерер жүгі, бүгінгі бағыты туралы саралаған болатынбыз.

Антропология жаратылыстану ғылымының саласы екенін білеміз. Бірақ оның зерттеу бағыты, кімдер айналысуды, қайдан шыққанына аса мән бермейміз. Оразак ағамен әңгімелесе отырып біраз мағлұматқа көз жеткіздік. Алдымен ғылым туралы бірер ауыз сөз...

Антропология (грекше antropos - адам) – адам туралы ғылым. Адамның шыққан тегін және оның барлық кезеңде бірдей даму типін зерттейді, яғни әрбір адамның жеке әрекеттерін жыныстық, жастық, конституциялық, қызметтік, этникалық және нәсілдік тұрғыдан қарастырады. Сонымен қатар, адам тарихымен байланысты жер қойнауынан табылған заттарды да зерттейді. Бірнеше бөлімнен тұратын антропология терминін ғылымға алғаш рет Аристотель енгізген. Бұл сала батыс елдерінде – Германия, Франция, Англия және Италияда жетік дамыса, біздің елде кеңінен қалған. Десе де, қазақтан шыққан тұңғыш антрополог Оразак Смағұлұлы антропологияны мейлінше игеріп, ғылымның дамуына сүбелі үлесін қосты.

Ол 1952 жылы ҚазҰУ-дың тарих факультетіне оқуға түседі. Оқып жүріп, археологиялық қазба жұмыстарына қатысты. Экспедициядағы ізденіс антропология саласына баруына түрткі болды. Себебі, археологтар қазба жұмыстарынан кейінгі адам сүйектеріне мән бермейтін. Тарихшылардың тек материалдық мәдени мұраларды ғана қажет еткенін көрген ол адам сүйектерінің сырына үнілетін маманның болмағанына қынжылады.

– Сол уақытта байқағаным: археологтар қазба жұмысы кезінде табылған артефактілерді мұқият жинап алады да, адам сүйектерін шашып тастап жүре береді екен. Оларға адам қажет емес. Жинағысы келсе, қажетсінен алады, керексіз етсе, тастайды. Студенттерді басқарып барған ұстаздарымнан «мына сүйектерді зерттейтін, айналысатын біреу бар ма?» деп сұрадым. Ешқандай маман жоқ. Содан институтқа жеткен соң, кафедра басшысы мені шақырып алып, «адам сүйектерін

ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ – 90

Қазақы таным-түсінікке антропология саласы жат көрінуі мүмкін. Бірақ өткенімізді танып білуде, тарихымызды зерделеуде оның маңызы зор. Осы саланы меңгергендер қатары елімізде санаулы. Оразак Смағұлов – Қазақстандағы антропология мектебінің негізін қалаушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болония ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР Ғылыми мен техникасының еңбек сіңірген қайраткері. Еліміздегі ҚР БҒМ Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанынан ашылған алғашқы этникалық антропология зертханасы мен ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің физикалық антропология зертханасының ұйымдастырушысы.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



Тұңғыш антрополог

зерттейтін маман болсаң қайтеді?» деген ұсынысын білдірді. Келістім, маған бекітілген орыс профессоры талабыма қуанып: «Әй, бәрекелді!» деді. 30-шы жылдары ол да осы антропологиямен айналысқысы келген, алайда, репрессия кезіндегі жағдай оның бұл саланы игеруіне кедергі болыпты. Осылайша, мен антропологияны меңгеруге дайындықты бастадым, – дейді ғалым.

Десе де, ғылымды бірден игеру мүмкін болмаған. Оның басты себебі, маманның жоқтығы, арнайы адам қаңқасын зерттейтін орталықтың болмауы еді. Сонда да жүрексіңбей осы салаға назары ауган Оразак аға экспедиция аяқталған соң Алматыдағы мединститутқа барды. Ол жерде адам анатомиясы кафедрасының профессоры Нұрыш Бөкейханов қабылдап, қазақ баласының бұл қадамына қуанды. Бірақ бұл жерде де антропологияны оқытатын не ұстаз, не оқулық таппады. Сонда да үйренемін, білемін деген ниеті оның көңілін жыға алмады. Ең қызығы, Оразак аға осы жылы мединститутқа қабылданып, төрт жылда екі институтты қатар оқып бітіріп шықты.

Бірде Мәскеуден жергілікті ұлт өкілінен бір адамды антро-

пологияға бейімдейміз деген хат келеді. Шығу тегімізді, тарихымызды анықтайтын боламын деген қазақ баласы үшін бұл таптырмаз мүмкіндік еді. Хат келісімен 1957 жылы антрополог болу үшін ҚазКСР Ғылым академиясының жолдамасымен Мәскеуге аттанды. Миклухо-Маклай атындағы этнография институтына (казіргі этнология және антропология институты) келді. Үш ай тәжірибеден өту үшін Зоология институтына жіберді. Онда маймылдарды зерттеп, Кейін Ленинградтағы танымал профессор, атакты психолог маман Виталий Лазаревич Гинзбургке шәкірт болуға жіберді. Сүйекті нақты антропологиялық зерттеудің өлшемі мен теориясын үйреніп, сол арқылы Мәскеудегі этнография институтының аспирантурасына қабылдануға мақұлдау алды. Осылайша, ғылым жолына түбегейлі бет бұрып, зерттеуге бар күш-жігерін салды. Алайда, кандидаттық жұмысы барысында біршама қиындықтар туы. Қазақтың баласы диссертациясын өз елімен байланыстыруды жоспарлаған. Бірақ сүйек қорының елде болмауына орай ғылыми кеңес оған рұқсат етпеді. Сол уақытта академик Қаныш Сәтпаев Ресейге жынға келді. Бұл Оразак

ағаның мәселесінің онтайлы шешілуіне үлкен сеп болды. Ол болашақ антропологқа елде экспедиция жүргізуіне мүмкіндік берді. Бірнеше маманмен елге барған экспедиция жұмысын алдымен Семейдің Шұбартау өлкесінен бастап, басқа да қалаларда зерделеді. Үлкен еңбекпен келген кандидаттық зерттеуін О.Смағұлұлы сәтті қорғалды.

Палеоантропология, этникалық краниология, серология, соматология, одонтология, дерматоглифика секілді антропологияның көпсалалы бөлімдерін кешенді түрде жарты ғасыр зерттеген ғалымның еңбегі қалай десек те ұшан-теңіз, жүріп өткен жолы мен өмірі бір кітапқа жүк болардай. Бүгінде Оразак Смағұлұлы 300-ден аса ғылыми еңбектің авторы, олардың қатарында «Населеніе Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование)», «Этническая геогеография Казахстана (серологическое исследование)», «Этническая антропология Казахстана (соматологическое исследование)», «Этническая одонтология Казахстана», «Аблайхан тарихи антропологиялық зерттеу», «Алтай қазақтары», «Этническая антропология казахского наро-

да», «Историческая антропология казахского народа», «Қазақ халқының антропологиялық тарихы» және т.б. еңбектері бар. Әр туындының артында маңдай тер, қажырлы еңбек жатыр.

Бір кездері «Қазақстанның этникалық геогеографиясы» кітабының бағаланбай, теперіш көрген тұсы да болды. Кеңес үкіметі еңбектің таралуына шектеу қойып, тіпті өртеп жіберді. Ал антропологқа non-granta жариялап, шетелге шығуға тыйым салынды. Басты мәселе – сол уақыттағы идеологияға сәйкес келмеуі. Дегенмен, жоғары деңгейде жазылған, нақты ақпаратпен қамтылған туындыны әлем мойындап үлгерді. Мұндай әділетсіздікке Оразак аға мойымады, керісінше, алға жылжыды. Нәтиже де жоқ емес, бүгінде Еуразия кеңістігінде 4 мың жылдық тарихы бар ұлт – қазақ екенін дәлелдеп берді.

Мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы Камал Бұрханов бір жынға «Оразак ағамыз – қазақ зиялыларының классикалық үлгідегі танымал тұлғасы. Бұл кісінің антропология ғылымы арқылы қазақтың шығу тарихын егжей-тегжей зерттегені үшін ұлтшыл атанған кезі де болған. Алайда ол басына төнген қауіп-қатерге қарамастан өзінің азаматтық ұстанымынан айныған жоқ. Осылайша біздің кім екенімізді дүниежүзіне паш етті. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлікке пара-пар іс» деп ғалымның еңбегіне жоғары баға береді.

Расымен, академик О.Смағұлұлы зерттеу жұмыстары алғаш рет қазақ халқының этникалық тарихы мен этногенезі бойынша тарихи дерек ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, антропологияның бірнеше саласы бойынша жазаған ғылыми қызметі Қазақстанның ежелгі, орта және қазіргі кездегі тұрғындарының арасындағы 40 ғасыр бойғы генетикалық сабақтастықты айқындауға зор үлес қосты. Бұл ғылымға деген қамқоршылық, елге деген сүйіспеншілік. Егер жанашырлық, жауапкершілік пен еңбеккерлік болмаса, мұндай дүниелердің тууы неғайбыл еді. Тіпті, қазақтың тарихтағы орнын білмес пе едік?

Осындай ерен еңбектің үлгісін көрсеткен абыз ақсақалдың мерейі қашанда үстем.

Газдандыру жобалары жалғасуда

Биыл газбен жабдықтау жобаларын іске асыру үшін бюджеттен 4,5 млрд теңге бөлінді. Бес мыңнан астам халық тұратын Арал ауданының Жақсықалың кентіне газ берілді. Жосалы, Жалағаш және Тереңөзек кентін газдандыру жұмыстары жүргізілді. Үш аудан орталығы көгілдір отынға келер жылы қосылатын болады. Сонымен қатар, «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында Қазалы ауданындағы Ғани Мұратбаев, Шиелі ауданындағы Байсын елді мекендеріне газ беру жоспарлануда.

Қала іргесіндегі Наурыз және Махамбет елді мекендерін газдандыруға арналған жоба-сметалық құжат дайындалса, Қармақшы ауданының Төретам және Ақай, Шиелі ауданының Алғабас, Ақмая, Қоламанов елді мекендерін газдандыруға құжаттама әзірленуде.

– Негізгі жоспар бойынша облысқа 13 АГРС салу қарастырылған. Қазір Арал, Қазалы, Байқоңыр, Жаңақорған, Шиелде салынып тұр. Жалағаш пен Тереңөзекке біреуі орнатылса, Қызылорда қаласында екеуі жұмыс жасап тұр. Қазір Сексеуіл кентіне, Шиелдегі Шоқай ауылына салуды жоспарлап жатырмыз. Өйткені, ол жерлерде халық саны көп, басқа ауылдар жақын орналасқан. Облыс орталығында 2 жылу орталығы, 190 шақырым жылу құбыры бар. Биыл бу қазандықтары мен 7,8 шақырым жылу құбыры күрделі жөндеуден өткізілді, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов.

Жылу маусымы биыл мерзімінен ерте берілді. Дегенмен, тұрғындар арасында жылудың, газдың қысымына байланысты көңілтолмаушылық бар.

– Қалада екі АГРС бар. Екеуі бір-біріне қосылмаған. Сол жағалауда газдың қысымының азайып кететіні сондықтан. Қысым әртүрлі болғандықтан қалада да мұндай мәселе кездеседі. Бірақ тұрғындар жылу маусымының алдында құбырын, мұражарынан тазарту секілді жұмыстарды тұрақты жүргізбейді. Оның да кесірі тиеді. Ал орталықтандырылған жылуға қосылған үйлердің өңірлері суға толып қандықтан осылай болады. Бұл бағытта биыл біраз жұмыс атқарылды. 32 копкабатты тұрғын үй жаңғыртудан өтті, – деді Ерлан Жоламанов.

– Облыс орталығына көгілдір отын келгеніне он жылдан асты. Әдепкіде, газ есептегіш құралдарына «Смарт карта» қолданылған. Оның қызмет көрсету мерзімі аяқталды. Қазір механикалық есептегіш түріне ауыстырып жатырмыз. Оның артықшылығы көп. Біріншіден онлайн төлем жасауға ыңғайлы. Екіншіден, әр айдың басында бағдарламаны жаңарту үшін жасалатын бұғаттауға көп берілмейді, – деді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОФ апатты-диспетчерлік қызметінің басшысы Базарбек Ермбетов.

«СБ» ақпарат

Мемлекеттік сатып алулар туралы

Өздеріңізге белгілі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Мемлекеттік сатып алуға жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қаржы министрінің бұйрығына сәйкес мемлекеттік сатып алулар веб-порталы «goszakur.gov.kz» арқылы жүзеге асырылады.

Осы жылдың 10 айында Мемлекеттік сатып алу басқармасы атқарған жұмыстар бойынша атап өтсек, бюджеттен 113,8 миллиард теңге бөлініп, 2317 сатып алу жарияланды. Оның ішінде мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурстарға 75,1 миллиард теңгеге 1468 сатып алу және мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібін анықтау туралы Үкімет қаулысына сәйкес жарияланған 38,7 миллиард теңгеге 849 арнайы конкурс жарияланған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда (2019 жылдың 10 айында 82,2 млрд теңгеге 1884 сатып алу) 433 сатып алуға көп. Сәйкесінше, үнемделген қаржы көлемі 5,1 миллиард теңгеден 7,4 миллиард теңгеге дейін өсті.

Мемлекеттік сатып алу басқармасы жалпы сомасы 75,6 млрд теңгеге 563 сатып алу жүргізді (оның ішінде 58,4 млрд теңгеге 399 конкурс және 17,2 млрд теңгеге 164 арнайы тәртіптен сатып алу).

Бұл көрсеткіш өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 286 бірлікке немесе 51%-ке өсті (2019 ж. 10 айында 277 сатып алу 44,5 млрд).

Үнемделген қаржы көлемі 2,5 млрд теңгеден 4,6 млрд теңгеге дейін өсті, бұл облыстағы үнемделген қаражаттың 62 процентін құрайды.

Айта кетсек, мемлекеттік сатып алуларды жүргізу кезінде Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметі хабарламаларының саны 65-тен (18 қарсылық; 2 қанағаттанарлық; 6 ішінара қанағаттанарлық, 10 қанағаттанбаған) 77-ге дейін өсті, олардың 25-і (32,5%) қарсылық білдірді (2 қанағаттанарлық, 2 ішінара қанағаттанарлық), 21-бас тартылған), 48-і (62%) конкурс нәтижелеріне әсер етпейне байланысты, қалғаны бөлінген қаражатты пайдалану қажеттілігіне байланысты орындалды.

Сондай-ақ, салыстырмалы түрде алғанда, әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар саны 289-дан 144-ке немесе 50%-ке азайды.

Биыл әділет органдарында 22 шағым түсті, бұл өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 23 бірлікке немесе 51%-ке аз.

Олардың ішінен: 9 әлеуетті жеткізушіні жосықсыз қатысушы деп тану туралы;

- 3 уәкілетті органның заңсыз шешімін тану туралы;

- әлеуетті жеткізушілердің конкурс нәтижелерін жарамсыз деп тану туралы 10 талабы.

Басшылықтың уәкілетті органның шешімдерін заңсыз деп тану туралы барлық 3 талабы қанағаттандырылғанын атап өткен жөн.

Сондай-ақ, іс жүзіндегі проблемалық мәселелерді ескере отырып, басқарма уәкілетті органға 63 ұсыныс жіберді, оның 3-еуі қолдау тапты (конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемдерге сәйкес; бірыңғай ұйымдастырушылардың сатып алуларына форматтық-логикалық бақылау орнату; қаржылық тұрақтылық индикаторын есептеу әдістемесін жетілдіру), 10-ы қарастыру сатысында.

Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы жыл басынан бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына, Мемлекеттік сатып алуы жүргізу қағидаларына түсінірме беру мақсатында уәкілетті органмен бірге сессиялар-кеңестерді үнемі өткізуде.

– Мемлекеттік сатып алу процедураларын жүргізу тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың нормаларын жетілдіру бойынша ҚР Қаржы министрлігіне ұсыныстар жіберуде.

– «Мемлекеттік сатып алу орталықтандыру» пилоттық жобасын кеңінен іске асыруға байланысты, барлық кемшіліктерді ескере отырып, уәкілетті органға жобаны іске асырудың үлгісін ұсынады.

Басқарма қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу, болдырмау, тәртіп бұзушылыққа төзеушілік қағидаларын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары тақырыбында құқықтық оқулар жүйелі түрде өткізілуде.

АТАКӘСІПТЕН НЕГЕ АЛШАҚТАЙМЫЗ?

Жарнамасы жақсы болғанмен...

Дұрыс дейік, бірақ, барлық шаруа қожалық, жоғарыда айтып кеткендей, жағдай жасай бермейді. Мал иелері бақташының басына «бақ қондырамын» деп уәде еткенмен, көп жағдайда ол іске аспай қалып жатады. Интернетте жарнамасы тым тәуір, «малшы отбасы керек» деген іздеушілерден көз сүрінеді. Былай қарасақ, айлығы да жоғары, тұрмыстық жағдайы да жақсы қаралған. Ал шын мәнісінде осыған келіскен кейбір қойшы не жылқышы болсын, бұдан опық жеп жатады.

– Рас, мал бағуға намыстанатындар біздің жігіттер. Оның үстіне жұрттың сөзі бар. Пөлешіне пөлешіге жалданып, мал соңында жүр дейді. Кейбір ағайын сенін адалдап ақы тапқаныңды да осылай сөз қылады. Бұл – бір.

Екіншіден, кейбір қожайындар алдайды, кейде ауырып өлген малды сенің мойнына іле салады. Түсінеміз, «мал ашуы – жан ашуы» шығар. Бірақ, белгісіз себеппен аялағы келген түлікке малшының не кінәсі бар? Жағдай жасаймын деп жарығымсыз айлық беретін шаруашылық иелері де жоқ емес. Өйтпесе «бәрі жақсы болады» деп ақысына келіскенмен, жоқ жерден сылтау тауып, жалақына келгенде тайғанақтайтын мал иелері жетерлік, – дейді аты-жөнін айтапуды өтінген жергілікті малшы жігіт.

Намыс демекші, сондай «жұрттың пікірімен» өмір сүретіндердің арқасында өз малын өзі игеріп жүргендер де бар.

– Жағдай жасалғанның өзінде мал бағуға келмейтіндер бар. Мысалы, біз қой бағатын шопан іздеумен шаршадық. Жергілікті жерден болса деймін. Жер жағдайын, жайылым-өрісті біледі деген сенім қой. Ауылдағы бірнеше жақ отбасыларға айтып көрдім. Тіпті, «өз малыңды да қосып, сонда бақшы» деп те айттық талай жігітке. Көңбейді, одан сыртқа кетіп, құрылыс істегенді тәуір көреді. Қазір мал шаруашылығына

мемлекет жақсы көмектесіп жатыр. Тиімді бағдарламалар бар. Көп жастарға соны түсіндіріп келемін, – дейді Қазалы ауданының тұрғыны Шархан Тілеуназаров.

Бізге вахталық әдіс керек

Отбасылық қой шаруашылығын дамытып жүрген ішпелілік Нұрболат Сәдуақасұлының ойынша, бізге вахталық әдіс керек сияқты.

– Алыс қыстау, жарық, байланыс жоқ. Жолдың қиындығы тағы бар. Қойшы отбасылы болса, оның балаларына мектеп, балабақша керек екені тағы анық. Вахталық тәсіл енгізу керек. Шопандарға, жалпы мал бақтырам десек, сол тиімді.

Көп жігіттер айлап, жылдап иен ладала екі жүз мыңдап ақша тапқанын, үйге кіріп-шығатын жақын жерден қарауыл болсам деп ойлайды. Солай уақыт өткізеді. Мал иесі жағдай жасап, мен айтқан вахталық әдіспен жұмыс жүргізсе, онда мал басына қауіп аз. Бақташы да шаршамайды, тіпті оған көмекші қосып берсе де, артықтық етпес, – дейді ол.

Нұрболаттың айтуынша, күні бойы мал соңында жүру бір адамды қажытып жібереді. Оның денсаулығы болмай, ауруы мүмкін ғой. Оның да ағайыны, араласатын дос-жараны, қатысатын той мен өлім-жітімі болатыны тағы анық дүние.

– Мен үш шопан ұстап отырмын өзім. Айлығы да солар күндеріне, яғни әрқайсысының он күніне ақы төленеді. Бір адам өзінің он күндік міндеті біткен соң, келесі шопанға малды өткізіп, үйінің өзге де тіршілігін істеуге уақыт табады. Ал былай отбасымен малшы әкеліп, жыл бойы қыс тоңдырып, жаз күн астында қантарғып қой бақтыру тым қиын, – дейді Нұрболат Сәдуақасұлы.

Нұрболат айтқан пікірді көпшіліктен де естіп жүрміз. Малды игеруге бір адам аздық етеді. Тұяқты мал ауырмай тұрмайды, шығын болып тұратыны да анық. Жыл сайын түрлі ауруға

дәрі ектіруің тағы бар. Осындай қиындықтан соң мал иесі мен бақташы арасында түсінбестік туындайды да, арты жанжалға ұласып жататыны да бар.

Малшы мәртебесін айтқанда...

Қой демекші, қолда бар деректерді айтсақ. Бүгінде Қазақстанда 18 млн аса қой бар. Оның ішінде асылтұқымды қой 3 млн-нан асады. Осы түліктің 60 проценті жеке шаруашылықтарда. Қой санын арттыруда бұрынғы мамандар жоқ, сондай-ақ ауыл айналасындағы жайылымдық жер нашар. Тағы бір мәлімет, бізде аумағы 60 млн гектарды құрайтын шалғайдағы жайылымдар пайдаға аспай, тектен-тек жатыр.

Екінші мәселе, қой өнімін тұтынушы азық-түлік пен тоқыма өңдеу жұмыстары мүлде жоқ десе де болады. Шикізат күйінде сырт елге тасылып кететіні рас.

Айта кету керек, Қазақстанда 1993 жылы 33,4 млн бас қой болған. Ал 1994-2020 жылдар аралығында Қазақстан мен Ресейде қой екі еседен астам азайыпты.

Мамандардың пікірінше, қазіргі қойшыларға қатысты жеңілдіктерді қайта қалпына келтіру үшін бір кездегі Қазақ КСР үкіметінің 1991 жылғы қаулысын негізге алу керек.

Тіпті, жеке қожалықтардағы шопан-малшыларға осы заңдылықты жарату керек сияқты. Оған жеңілдікпен зейнет демалысына ер азаматтарды 55, әйелдерді 50 жаста шығару құқығы берілу керек. Жайылымдық уәдеске қосалқы жайлары бар қызметтік баспана-ны тегін беріп, жанар-жағармай, коммуналдық қызметтер мен электр қуатының төлемдерінен босатқан жөн. Балаларын 17 жасқа дейін мектеп жанындағы интернаттарға орналастыру да бұл тізімге кіреді. Жыл сайын ишпақжай, демалыс орындары мен басқа да сауықтыру мекемелеріне жолдамалар бірінші кезекте баруы керек. Көлік, арнаулы жыртқыштарға қарсы қару, азық-түлік қоры, т.б қажеттілермен уақыттылы қамтылса, малшы мәртебесі өсер еді.



Облыс бойынша статистика департаментінің мәліметіне сүйенсек, биыл 1 қарашаға дейін 348,2 мың бас МҚ, 762,2 мың бас қой мен ешкі, 153,9 мың бас жылқы және 53,1 мың бас түйе тіркелген. Мал басында былтырғы жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда өсім жоқ емес, бар.

Тағы бір дерек, мал шаруашылығымен айналысатын 3500 шаруашылық құрылымдар бар. Осының ішінде ірі қара өсіріп отырған 1600 шаруа қожалығы бар екен. Қой шаруашылығын дамытушылар да аз емес, 1400 шаруашылық осы жұмыстың басы-қасында. Жер жағдайына байланысты түйе өсіріп отырған 150 және жылқы санын арттырып жүрген 350 қожалық бар бізде.

Көріп отырғаныңыздай, Сыр бойындағы атақесіпті ардақтап, төрт түлікті түлетушілердің қатары көбейген. Мемлекеттік бағдарламалар арқасында кәсібін кеңейтіп отырған азаматтар да жетерлік. Үкімет қолдауымен инвестициялық жобаларды жеңілдетілген несиелендіру бойынша осы саланың өсу динамикасы қалыптасып, мал басы мен өндірілген өнім жылма-жыл ұлғайып келеді. Мысалы, өткен жылы облыста ауыл шаруашылығы саласында 128 млрд теңгеден астам өнім өндірілсе, соның 45 млрд теңгесі мал шаруашылығының үлесінде.

Айналып келгенде, еңбек осы түліктердің жағдайына қарайтын адамдыкі болса керек. Қыс суығы мен жаз аптабын жан-тәнімен сезініп, мал мехнатын тартып жүрген шопан болсын, сырышы

болсын, жылқышы болсын, оларға қолдау жан-жақты керек. Халық бекер айтпайды. «Балықшы дауылда, егін



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Музыка әлемі – адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Онда адамның асқақ, асыл ойлары, арман-мақсаты, ізгі тілектері, қуанышы, қайғы-қасіреті мен әртүрлі сезім иірімдері бейнеленеді. Адам жан-дүниесіне тигізетін әсері орасан болғандықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы ғана түсінесің.

СЫРНАЙМЕН САЗ ТӨККЕН САҢЛАҚ

Әлемдік музыка қорына әр халық, әр ұлт өзіне тән өрнекпен өлшеусіз үлес қосып келеді.

Сыр елінің серісі, тума талант Нартай Бекежанов артында өшпестей із, өнегелі ес қалдырған. «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, жылдар жылжып өткен сайын оның бейнесі, тұлғасы кесектеліп, сомдала түсіп, айыройы асқақтап, өрісі өсіп келеді. Бұған нар тұлғалы Нартай Бекежановқа халқының көрсетіп келе жатқан құрметі, ілтипаты мен ізгі көңілі айтақ. Оның әр жыры әділдікке, адамгершілікке шақырады.

Талабы таудай, зерек Нартайға асыл өнер анасынан дарыған. Тапқырлығымен, ақындығымен танымал туған ағасы Мәнсур Нартайдың бойында бұлықнып тұрған ағынды аңғарып, оның өнер жолына түсуіне көп ықпал жасаған.

Қазақ ақындық пен әншілікті қатар алып жүрген Ақан сері, Бұржан сал, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Майра, Мәди, Өміре сияқты әмбебап майталмандар болғанымен, Нартайдың заманында олардың қатары сиреген еді. Ақын ел арасында ең алғаш әншілігімен танылған. Кейін жақсы жыр, айшықты сөз орамына терең мағына, күшті екпін беру үшін өзінің асқақ әндерін арқау етеді. Демек, оның композиторлық өнерінің де шоқтығы биік. Нартай Бекежановтың әншілік-композиторлық өнеріне, оның қазақ көркемөнеріне өзіндік бет-бейнесімен, қолтаңбасымен енгеніне, сіңірген еңбегіне ешкім де шек келтіре алмайды.

1990 жылы Шиелі ауданының басшылары, еңбек ардагерлері айтарлықтай атсалысып, Министрлер Кеңесіне, облыстық партия комитетіне, облаткомға келелі ұсыныстар жолдап, ақынның 100 жылдығына орай ауқымды іс-шаралар атқарылды. Дайындық барысында, оның ішінде музей құрылысында Мәдениет саласының үздігі Әшімхан Оспановтың, Нартай ақынның төл шәкірті Арзулла Молжігітов,

Жолдыбай Ақмолдаевтың ұйымдастырушылық қабілеті ерекше қырынан көрінді. Қазір Нартай музейінің қорында қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары – даңғыра, шертер, сазсырнай, үскірік, жетіген, тайтұяқ, қобыз, шаңқобыз және ақынның сырнайы, домбырасы сақтаулы. Оның алаңсыз өнерге бет бұруына, яғни сырнай аспабын меңгеруіне Арқаға атағы кеңінен жайылған Үкілі Ыбырайдың жиені Тайжан Қалмағанбетов үлкен себепкер болды. Арқаның арқалы ақыны, әншісі Тайжан өзімен бірге ән мен өлең ала келеді. Алғаш рет сырнай мен домбыраны қатар алып жүруді үйретіп, өлеңдерін шырқатып кеткен Тайжан ақынды Нартай ұстазым деп құрметтеген. Бір жылдан астам уақыт бірге жүріп, бауыр басып қалған. Оның өлеңдерін жаттап, әндерін сырнай арқылы орындауды ерінбей үйренеді, зердесіне түйеді, кыр-сырына қанығып, өнер жолын бастайды.

Он жеті жасқа келгенде айтулы ақын ұстазының бағасын алып, өз жүрек қалауымен ел аралап, той-думан, жындыраға қатысып, халық алдына шығып, жыр жырлайды. Мұнан соң өзінің өнердегі шамасын таразылаған Нартай өнер жолына алаңсыз, шын ниетімен енеді, өлең өлкесін еркін аралайды. Өзі айтқандай, сылдырап аққан өнер бұлағының көзі, арнасы ашылып, тасқынды селге айналды. Иығында сырнайы, қолтығында домбырасы бар ол жүрген жерінің бәрінде халықты сән-салтанатқа, ән мен жырға, думанға бөлеп, өнерге шөліркегендерді сусындатты.

Енді музей қорындағы ұлттық музыкалық аспаптар жайынан сыр шертелік. Музей іске қосылмай тұрып, Алматы қаласындағы орталық музейден қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлері экспозициялық құрылымын құрып, үлкен әдістемелік көмек көрсеткен.

Музей қызметкерлері облыс, аудан бойынша үй-үйді аралап көне жәдігерлерді жинақтайды. Жан-жақтан үлкен еңбекпен жинақталған экспонаттар қазір баға жетпес құндылыққа айналып отыр. Әшімхан Оспанов ауылдағы Ордабек Құрақбаев, Сұлтан Жұманазаров, апалы-сиділі Анар мен Дана Сүлейменовалар, Зұлфия Оралова, Үміт Әбілқасымова, Фарид Оспанова, Құттықыз Шайыққызы, Айшахан Молжігітова сияқты өнерпаз қыз-жігіттердің басын қосып, «Нартай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбль құруға кірісіп, колхоз (қазір Нартай ауылы) төрағасы қаржылай көмектесіп, музыкалық аспаптар, сахналық киімдер жасағаны. Оған Алматы қаласында тұратын ел өнерінің жанашыры Әбілсаттар Оспанов тікелей басшылық жасады. Ансамбль мүшелері сырнай, сыбызғы, сазсырнай, үскірік, шаңқобыз, қылқобыз, даңғыра, жетіген, тайтұяқ, асатаяқтардың түрлерін ойнап үйренеді және шәкірттеріне үйретіп, ансамбльге қосып, алғаш рет концерттерінде орындайды. Ансамбль көп ұзамай колхозшылар алдында, көрші ауылдарға, аудандарға шығып концерт қойып, тойларда қызмет көрсетіп, ақын тойына қажетті қаржы таба бастады. Республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, арада шамалы уақыт өткенде халықтық атағын алды.

Жоғарыда аталған аспаптардың ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. **Сырнай** – қазақ халқында кеңінен таралған музыкалық аспап. Орыс халқы бұл аспапты гармонь деп атайды. Олар бұл аспаптың сүйемелдеуімен кез келген әнді орындап, мерекелердің сәнін келтірген. Қазақ, татар, украин халықтары арасында таралған, бірнеше ұлтқа ортақ музыкалық аспап. Сырнаймен ән салып атағы шыққан Нартай сияқты Майра, Шашубай сынды әнші композиторлар болған.

Домбыра – қазақпен егіз, рухани мәдениетімізді осы күнге жеткізген қасиетті, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылады.

Қылқобыз – екі ішекті, ыспалы, қазақ халқының ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көнесі. IX-X ғасырларда өмір сүрген Қорқыт ата дәуірінен бері қылқобыздың сарыны үзілмей келеді. Жалпы, ұлттық аспаптардың ішінде қобыз үнге бай, киелі, қасиетті деп танылады. Сонымен қатар, ғасырлар бойына жетсе де, қобыздың бұрынғы түрі мен қазіргі түріндегі үні бір сарынды. Себебі оның ішегі де, ысықшы да ықымал заманнан бері жылқының қылынан тартылып келді. Оның қылқобыз аталуы да сондықтан. Ең үлкен түрі – нарқобыз. Қазақ қобыздың үні шыққан жерге жың-шайтан жоламайды деп ырымдайды.

1966 жылы Болат Сарыбаев Өзбек ССР-не қарасты Бұқара облысындағы Тамды ауданына экспедицияға барады. Осы сапарында жергілікті қариялардан естіген түрлі мағлұматтарға сүйене отырып, қазаққа **жетіген** деген аспаптың болғанын анықтап, оны жасайды. 1972 жылы жетігенді жасағаны туралы авторлық куәлік алады. Сыбызғы, сазсырнай, үскірік, шаңқобыз, жетіген, асатаяқтардың түрлерін Болат Сарыбаев өзі ойнап үйренеді және шәкірттеріне үйретіп, ансамбльдерге қосады.

1978 жылы ұйымдастырылған археологиялық экспедиция Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасында қазба жұмыстарын жүргізеді. Сол қазбада сазбалшықтан жасалған **сазсырнай** үлгісі табылды. Жер астында ғасыр-



лар бойы көміліп жатқан үш ойықты, дыбысы өте таза аспаптың Болат Сарыбаев дыбыс көлемін, регистрін, тембрін, т.б. зерттейді. Бірнеше айдан кейін ойнауды үйреніп, дыбыс диапазонын кеңейтеді. Қазіргі көптеген ансамбльдерде, «Отырар сазы» оркестрінде оркестр тембріне ерекше үн қосып тұрған сазсырнайды өз қолымен жасап, орындаушысын үйретіп, өнеріміздің дамуына аса бағалы сый тартқан.

Шертер – ежелгі ішекті аспап, оны да домбыра сияқты ойнайды. Көлемі домбырадан көп кіші, бірақ сыртқы түрі қобызды еске салады, оған жұмыр түр беріп, сыртын терімен қаптап, аттың қылынан екі шек тартылады. Аспап бір ғана бұрандалы болып келеді, шектің бір басы бұрандаға, екіншісі басына бекітіледі. Ол аңыз, ән, ертегілерді айтқанда қолданылған, бақташылар арасында кең тараған. Қазақтың көне музыкалық аспаптарының біріне жатады, шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған. Екі немесе үш ішекті болып келеді. Ертедегі шертер ағаштан ойылып, шаңағы көнмен (терімен) қапталған. Дыбыс күші қапталған терінің жұқа-қалыңдығына, ішегінің жуан-жіңішкелігіне қарай бөлінген.

Үскірік – үрлемелі музыка аспабы. Дауысы қыстың аязды күндері соғып тұратын үскірік салқынның ызындаған ды-

бысына келгендіктен, ел арасында үскірік деген атауға ие болған. Дыбыс бояуы сазсырнайдың тембріне ұқсас, диапазон 2-октаваның до, ми, фа, соль ноталары ғана ойналады. Халықтың аңыз әңгімелерінде үскіріктің тасбақаға, түйеге, құсқа ұқсайтын түрлері болғандығы айтылады, оны көбіне балалар ойнаған әрі қолымен жасап, орындаушысын үйретіп, өнеріміздің дамуына аса бағалы сый тартқан.

Шаңқобыз – темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап. Басқа атаулармен көптеген халықта кездеседі. Оның сирек кездесетін бір түрі – ағаш шаңқобыз ағашқа бекітілген жіпті тербеу арқылы дыбыс шығарылады. Бітімі бөлек болғанымен, оның құрылымы өте қарапайым. Ерінге қойып, тіске тіреп ойнайды. Дыбысы тілшені саусақпен шалып тартқан кезде серіппеннің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы резонатордың қызметін атқарады. Шаңқобыздың негізгі дыбысы тілдің мөлшеріне байланысты. Тартушы тілінің қимылы арқылы түрлі дыбыстар шығара алады. Әуенді әрлеу үшін орындаушылар саусақтарына қоңырау іліп ойнайды.

Сыбызғы халықтық музыкалық өнердің ажырамас бөлігіне айналады. Малшылардың жалғыздығын жебеп, ал кешкі демалыс мезгілінде музыканттар ол арқылы ескі аңыз-жыр-

ларды айтқан. Оны меңгергендер барлық той-мерекелердің құрметті қонағы болған. Сыбызғының кең таралуы, қолданылуы оның қарапайымдылығымен түсіндіріледі. Ойықтарына демді жай немесе күшті шығару арқылы түрлі дыбыс әуендері туады.

Даңғыра – көне ұрмалы-сылдырмақты, қатты дыбысты музыкалық аспап. Бұл – бір жағы терімен қапталған, ішкі жағынан темір алқалар сақиналар мен сылдырмалар ілінген дөңгелек шығыршық. Даңғыра – шамандық әдет-ғұрыптардың ажырамас бөлшегі.

Асатаяқ (сылдырмақ) та – ежелгі музыкалық аспап. Оны абыздар мен бақсылар ұстаған. Әдетте, олар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған. Жасалу тәсіліне қарай «құм-безді», «жалпақбасты», «ай басты», «жыланбасты», «сопақша», «қалақша», т.б. болып келеді. Оларды ырақтатып, сілкіп, шайқап ойнайды. Емен, үйенкі, қайың, долана секілді қатты ағаштардан жасалады. Бетіне әртүрлі салдыр-гүлдір, шулы дыбыс беретін темір салпыншақтар, сақиналар, шығыршықтар тағылады. Асатаяқ туралы деректер П.Броневский, П.Бекетов, Р.Пфеннинг, т.б. зерттеуші-этнографтардың еңбектерінде кездеседі. Ш.Уәлиханов пен белгілі зерттеуші Б.Сарыбаевтың еңбектерінде жазылған. Асатаяқтың көне түрлері Ықылас атындағы Қазақ музыкалық аспаптар мұзегіне сақтаулы. Қазіргі кезде «Отырар сазы», «Сазген», «Шертер», т.б. музыкалық фольклорлық-этнографиялық оркестрлер мен ансамбльдер де қолданады.

Тайтұяқ (тұяқтас) қазақ тұрмыс салтында ежелден бар. Қыз ұзатылуына 3-4 күн қалғанда қоштасу әнін айта бастайды. Әуенін тайтұяпен сүйемелдеп отырады. Жана сойылған жылқының тұяғын кесіп алып, суға қайнатады, тұяқтың ішкі сүйегі босап, сыртқы қабығы бөлектенеді. Оның ішін әбден тазартып, күнге кептіреді. Бүгінде музыкалық аспап ретінде ансамбль мен оркестрлерде кеңінен қолданылады.

Осы айтылған қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары қазір де өз мәнісін, қадір-қасиеттерін жоғалтпай, «Нартай сазы» халықтық фольклорлық ансамбль мүшелерінің қолынан түспей, халыққа қызмет етіп келе жатыр.

**Жанат ӨТЕЕВА,
Н.Бекежановтың
мемориалдық өнер
музейінің ғылыми
қызметкері**

Көл күтімсіз қалмайды

30 қараша күні Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылдық округіне қарасты «Өзгент» көлінде ондағы тіршілік иелерін және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау мақсатында көл бетіне қатқан мұзды ою (үкі) жұмыстары атқарылды.

Аталған көлді пайдаланушы О.Асылбаевтың атап өткеніндей, бұл іске Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінің орманшылық бастысы Бектөре Қасымбеков, және осы мекеменің ихтиологі Қуаныш Әбілқасымов, Өзгент ауылдық округіне қарасты Ақсуат елді мекенінің тұрғындары, табиғат жанашырлары

Шайхиддин Тілеубергенов, Ақылбек Әділханов және Едіге Каюпов қатысып, белсенділік көрсетті. Өріне, мұзға ойық салу – оның астындағы балықтардың оттегі жетпеуінен қырылуына жол бермеу. Бұл бағыттағы жұмыстар көл бетіне қатқан мұз еріп кеткенше жалғаса беретін болады.

«СБ» ақпарат

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАҢҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста – ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұын аурулары ерекше қауіп төндіріп, белең ала бастайды.



Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семінуіне әкеледі.

Ең ауыл бұл асқынбалы ауру екендігін үйі керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгінсеңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тінін қалпына келтіріп, қабыну процестерін жеңілдететін, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артрозерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрозерв» буындардағы қолайсыздықты және ауырсынуды жоюды, қабыну процесін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлаушы материал – синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің иілгіштігін және көлемін қалыпқа түсіреді. «Артрозерв» ағзаның сүйек-

бұлшықет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, бұлшықет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, курсты қабылдағаннан кейін, буындардың қозғалыштығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады.

«Артрозерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданды.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық, еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекенжайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына қимылдық құрауыштар кірмейді. **Мәлішері және қолдану тәсілі:** қолдану уақыты 1 айдан бастап. **Қарсы көрсеткіштері:** жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДЕ! АРТРОЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



ББК, дәрілік өнім болып табылады. СТР № RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрозервке» тапсырыс бере аласыз 8 705 92 55 424 немесе artrozerve.kz сайты арқылы.